

ӘОЖ 811.512.122

«ЕР ЖӘНІБЕК» ЖЫРЫНДАҒЫ ЛЕКСИКАЛЫҚ ҚАЙТАЛАМАЛАР

Оразхан Таңнұр

2390280929@qq.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультетінің 1-курс магистранты,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі Г.О.Сыздықова

Түркі мәдениеті, одан бері қазақ мәдениетінің керемет құнды дүниелерінің бірі ретінде танылатын тарихи жырлардың ішінде «Ер Жәнібек» жыры көлемі, құрылымы, мазмұны, тілі жағынан ерекше орын алады.

«Ер Жәнібек» дастанының үш түрлі нұсқасы бар. Олардың екеуі Қазақстан аумағында туып, таралған болса, енді біреуі көрші Қытай мемлекетінің құрамына кіретін қазақ жұртынан шыққан жыршы, жыраулар мен ақындардың жырлауынан жазылып алынған. Ең бір назар аударарлық нәрсе, осы нұсқалардың бір-біріне еш ұқсамайтындығы дер едік [1, 324]. Жырдың белгілі халық жырауы Орынбай Тайманов (1875-1946) жырлаған «Батыр Жәнібектің өлеңі» (көлемі 88 бет) деп аталған бірінші нұсқасы дастаннан гөрі эпостық жыр үлгісіне құрылған және бұл нұсқада тарихылықтан гөрі ертегілік сипат басым. Екінші нұсқасы «Шақшақұлы ер Жәнібек» (көлемі 72 бет) деп аталады. Бұл нұсқаны жырлаушы – халық ақыны Иманжан Жылқайдаров (1882-1974). Жырдың үшінші нұсқасы «Ер Жәнібек» дастанын Жәнібек батырдың бесінші ұрпағы Ыбырай деген кісі 1927 жылы Тарбағатай өңірінде жазып шығарған. Деректерге сүйенсек, бұл нұсқа Қытайдағы қазақтар арасында кеңінен таралған.

Соңғы нұсқа 1991 жылы Алтай аймағы «Шіңгіл ауданының қисса-дастандары» атты жинағында жарияланған. Қолжазбаны баспаға тапсырушы осы ауданда Жәнібек батырдың өз кара шаңырағына ие болып отырған ұрпақтарының бірі – Шәдет Мырзахметұлы. «Бабалар сөзі» сериясының Қытайдағы қазақ фольклорына арналған 27-томына енгізіліп отырған «Ер Жәнібек» дастанының мәтіні аталған нұсқадан әзірленіп берілді [1, 325].

Көне дәуірлерде қалыптасып, көркем шығармада, оның ішінде ауыз әдебиеті үлгілерінде де кеңінен қолданылатын көркемдегіш құралдардың бірі – лексикалық қайталамалар. Ғалым О.Бүркітовтің анықтауынша, лексикалық қайталамалар бір сөздің не сөз тіркесінің түрлі морфологиялық құрамда келіп, қайталануы арқылы берілетін, өз ішінен бірнеше түрге бөлінетін, тілімізде көне дәуірлерде қалыптасып, бүгінгі тілімізде актив көркемдегіш құралдардың біріне айналған, грамматикалық қызмет те, стильдік қызмет те атқара алатын қайталама категориясының бірі болып саналады [2, 137].

Ғалым лексикалық қайталамалардың 3 түрін бөліп көрсетеді: 1. Көркем мәтінде таза стильдік қызмет атқаратын лексикалық қайталамалар; 2. Көркем мәтінде аралас қызмет (*стильдік және мәтінтүзушілік*) атқаратын лексикалық қайталамалар; 3. Көркем мәтінде құрылымдық-композициялық (*мәтін түзу және мәтін дамыту*) қызмет атқаратын лексикалық қайталамалар [2, 137]. Лексикалық қайталамалар фольклор тілінде де осы, яғни стильдік,

мәтінтүзушілік және мәтін дамытушы қызметтерін атқарады. Сондай-ақ фольклор мәтінін ұйымдастыру, оның мағыналық кеңістігін дамыту және экспрессивтік мәнін күшейту үшін де қолданылады.

Бұл мақалада «Ер Жәнібек» жырындағы, Шәдет Мырзахметұлы нұсқасы, лексикалық қайталамалар саны, сөз таптарына қатысы және қолданыс жиілігі тұрғысынан қарастырылды. Жырдан жинақталған тілдік деректерді талдау нәтижелері арқылы лексикалық қайталамалардың фольклор жанры, оның ішінде тарихи жырлардағы қызметі мен қолданыс жиілігін айқындау мақсат етілді.

«Ер Жәнібек» жырындағы лексикалық қайталамалардың морфологиялық сипатына келсек, жырда зат есім,сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу және шылау сөздерден жасалған лексикалық қайталамалар бар. Олардың ішінде жиі қолданылатыны зат есімдер (78) мен етістіктер (32), одан кейін шылау (14), есімдік (11), сын есім (10), сан есім (9) және үстеу сөздер (4) (1-сурет)



Сурет 1. Лексикалық қайталамалардың сандық талдауы Дұрыстау!

Зат есім және оның жиілігі

Қазақ (20), Ауыл (4), Қалмақ (15), Ел (51), Ер (2), Кек (3), Есназар (2), Құдай (3,) Бердәулет (3), Бөрі (2), Ет (7), Жәнібек (37), Бөбек (2), Жау (16), Ер (6) ,Жекпе –жек (5), Көз (5) ,Қан (3), Майдан (3),Шайқас (3),Хан (7),Бата (4) ,Сайыс (2),Жан (6),Жеңіс (3),Абылай (13),Керей (18) ,Құлақ (3),Найман (3) ,Қыз (2),Байтал (2),Таңба (3), Ерегес (2), Заман (4),Ұрпақ (5),Қол (18),Батыр(10) ,Бас (7),Жоррық (2), Қазыбек (3),Шешендік (3) ,Тұрмыс (4),Соғыс (4),Адам (8),Халық (5) ,Жыл (4),Жол (7),Ежен(3) ,Сөз (7),Сыр (2),Қазық (2) ,Төс (3),Ай (3),Ол (7) ,Абақ (6) ,Мүшел (4),Жас (4),Кісі (5),Ажы (3),Жұрты (5),Іс (4),Жүрек (5), Жер (4),Төбе (2),Қоғадай (6),Дүние (4),Мекен (4), Өсіет (3),Қайғы (3) ,Би (3),Жаз (2),Апа (4) ,Іш (2),Жақ (10), Оның (5)

Сын есімдер және оның жиілігі

Толықсыған(2), Сары(2), Ақ(3) Шалғай(3) Көп(4), Шешен(3), Мол(3) Қортаң-қортаң(2), Ашық(5)

Сан есімдер және жиілігі

Екі(11)Үш(6) Бір(22) Он екі (25) Жүз (2) Жеті(2) Алты(3)Тоғыз-тоғыз(2) Төріт(2)

Етістіктер және оның жиілігі

деді(7), еді(34) берді(6), Ырымдап(2) Ек(3), Бол(8), Алған(17) Кес(8) Жатыр(3) Сасады(2) Дейді(8) Алмай(3) Кес(8) Десе(4) Қайнау(5) Келді(8),Ед(9) Боп(4) Керек(8) Болып(4) Болар(6) Бар(5) Айтпасам(4) Қал(5) Болды(5) Бару(9) Боп(4) Керек(8)Болып(4) Болар(6) Бар(5) Айтпасам(4) Қал(5) Болды(5) Баруж (4)Алады(5)Келді(8) Алып(5) Айт(5) Кетті(2) Деп(8).

Есімдік

Не(4) Өз(7) Жоқ(7) Бұл(32) Кім(2) Осы(6) Емес(6) Міні(6) Емес(5) Мына(6) Өзіні-өзі(2)
Үстеулер Үсті(2) Іші(4) Арт-артынан(2) Енді(6)

Шылаулар

Қой(2) Мабпе(8) Мен(11) Бе(5) Пен(9) Ақ(5) Де(7) Да(9) Соң(7) Әрі(5) Па(7) Бе(5) Ау(3)

«Ер Жәнібек» жырында эпифора, анафора, анадиплосис және симплока тәрізді лексикалық қайталама түрлері де кездеседі.


Эпифора – 1) метафораның қиялға негізделіп айшықталған түрі; 2) айтылған ойдың әсерлілігін арттыру үшін фразалар соңындағы сөзді не дыбыстық тіркесті қайталаудан туатын айшықты орамдар [3;404].

Анафора – айтылатын ойдың әсерлілігін арттыру үшін сөз басында қайталап қолданылатын дыбыстардан, сөздер мен сөз тіркестерінен, синтаксистік құрылымдардан жасалған стилистикалық фигуралардың түрі [3; 22].

Анадиплосис – бір немесе бірнеше сөздің бірінші бөлігінің соңғы сөзі немесе сөз тіркесінің келесі бөліктің басында қайталануы [4; 160].

Симплока – көршілес тармақтардағы немесе сөз тіркестеріндегі сөздерді қайталау. Әдетте, ол эпифора мен анафораның қосындысы ретінде анықталады [4; 160].

«Ер Жәнібек» жырындағы лексикалық қайталама түрлерінің қолданыс жиілігіне жасалған сандық талдау нәтижесі бойынша ең жиі кездесетіні – эпифоралар (149). Екінші орында анафора (19), одан кейін анадиплосис (62) және симплока (7) (2-сурет).



Сурет 2. «Ер Жәнібек» жырындағы лексикалық қайталама түрлері

Жырда эпифоралар жеке сөз немесе сөз тіркесі түрінде жиі кездеседі. Мысалы:

(1) *Ішінде Жәнтекейдің Сүйіндік біз,
Бастан-ақ ел қамын жеп күйіндік біз.*

*Құламай Алты деген ұлы болып,
Көркейіп ел көзіне көріндік біз.*

(2) *Қалмақтар үсті-үстіне шаба берді,
Төрі түлік малды тегіс ала берді.*

*Ит өліп, бала жылап, зар-зар болып,
Аңырып ауылымыз қала берді.*

(3) *Бірінен-бірі өктем, қалыса алмай,
Айқасты бір етасым, алыса алмай.*

*Ат шаршап өздері де діңкеледі,
Найзаны деген жерге сайыса алмай.*

Сұрау мәнді тұлғалар да эпифоралық қайталама қызметінде әр сөйлемнің соңғы бөлігіндегі орны арқылы мәтінді дамытушы қызметімен ерекшеленеді. Мысалы:

Япыр-ау, осылайша асқақтай ма?

Қайтсын кеудесіне жан шықпай ма?

Ел болып бір жағадан бас шығарып,

Қылығын мынау өрескел тастатпай ма?

– *Аспанда Темірқазық көресің ба?*
Емес қой о да жалғыз сенесің ба?
Қарақшы, Ақ, Көкбоз ат, Екі арқан
Он екі осыменен білесің ба?

«Ер Жәнібек» жырында «көп», «бол» сөздерінің кезектесе қайталануы арқылы жасалған эпифоралар да бар. Мысалы:

Керей деген елің көп,
Ел айналар шешен бол.
Шалғайда-шалғай жерің көп,
Иелеуге көшер бол.
Бұзатын қамал шебің көп,
Ақыл тауып шешер бол.
Жағаласар жауың көп,
Жауға шапсаң есер бол.
Ел ішінде дауың көп,
Жұрт алдында көсем бол.

«Ер Жәнібек» жырындағы лексикалық қайталаманың келесі түрі – анафора. Ғалым Р. Сыздық Абай өлеңдеріндегі анафоралардың шумақтық анафора және грамматикалық анафора тәрізді екі түрін бөліп көрсетеді. Ғалымның анықтауынша: «шумақтық анафора – өлеңнің әрбір шумағының немесе шоғыр сияқты өзге де бөліктерінің басында бір сөздің кейде бір фраза не бір сөйлемнің қайталап келуі» [5;151]; «грамматикалық анафора біркелкі морфологиялық тұлғалардан немесе синтаксистік құрылымдардан басталатын жолдар болып келеді» [5;152]. «Ер Жәнібек» жырында анафораның екі түрі де кездеседі.

Жырдағы шумақтық анафоралар: *Он екі зор жорықта жұлде алдым, Он екіге болсын бізден атағаным.*

Мына жақта орыс бар, Қызыңды берсең қоныс бар, Ағайындар, біліп қал. Мына жақта қалмақ бар, Басыңды кесіп алмақ бар, Барлықтарың есіңе ал !Мына жақта қырғыз бар, Жүрегінде бір мұз бар, Бұны дағы біліп қал! Мына жақта қытай бар, Жүрегінде Құдай бар.

Грамматикалық анафоралар: Қазыбек шешен еді ағалаған, Жәнібек өнеге алып жағалаған. «Бұл күнде шешендіктен жан өтпес» деп, Қазекең Жәнібекті бағалаған.

Тұрмысты қоңыр қалта өткізетін, осыны тұрмысына етіп өлшем. бар елі мұсылманда он екі имам, бұрын-соң осылардың бәрі болған. он екің осылардай адал болсаң, жар болар жаратқан бір қадыр Аллам.

Фольклор тіліне тән қайталамалардың бірі – анадиплосис.

Мысалы: Балаға сынаңыз да ат қойыңыз, Атыңа ықыласымызды беріп ек деп, Нәрестені қолына алды Жәнібек қарт, «Бөбекке ат қоятын жөнім-ақ», Жағаласар жауың көп, Жауға шапсаң есер бол, Керей деген елің көп, Ел айналар шешен бол. Бұйданы кескендігің – белді кескен, Болмай ма жұртта қал деп ерегескен. Етегін шапандарының кесіп алып, Деп айтты болсын осы «үшті кескен. Тұрмысты қоңыр қалта өткізетін, Осыны тұрмысына етіп өлшем. Әруағы он екі абақ қолдаған соң, Аттандым он екі жас мүшелімде.

Эпифоралық және анафоралық қайталамалардың бір сөйлем немесе бір тармақта қатар келетін тұстары да бар. Лексикалық қайталаманың мұндай түрі, яғни анафора мен эпифораның тіркесімі симплока ұғымымен сипатталады. Симплока мәтіндегі сөз не сөз тіркесінің әсерлілігін арттырып, экспрессивті мағынаны күшейтеді. Сонымен қатар мәтінде, оның ішінде зерттеу нысанына алынып отырған жырда да, оқиғаға ерекше назар аударту үшін қолданылады.

Мысалы: Халайық бұл батаға «әумин» деді, «Батаның оңғара көр жолын» деді. Аруағы! он екі абақ қолдаған соң атандым он екі жас мүшелімде

Қорыта келгенде, «Ер Жәнібек» жырындағы лексикалық қайталамаларды жинақтап, талдау нәтижесінде жырдың зерттеу нұсқасында лексикалық қайталама түрлерінің ішінде эпифоралардың (63%), ал сөз таптарына қатысына қарай зат есім қайталамалардың (22,5%) жиі кездесетіндігі анықталды.

«Ер Жәнібек» жырында лексикалық қайталама түрлерінің стилистикалық ерекшелігі олардың автор сөзі, диалог, монолог, т.б. сөйлеу түрлеріндегі қолданысымен сипатталады. Лексикалық қайталамалар жырда стильдік қызметпен қатар мәтін түзу және мәтіндегі оқиғаны одан әрі дамыту қызметінде де қолданылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: «Фолиант», 2006. Т. 27: Тарихи жырлар. - 352 б.
2. Бүркітов О. Қазақ тіліндегі қайталамалардың лингвостилистикалық жүйесі: филол. ғыл.д-ры дисс. – Алматы, 2002. -277 б.
3. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. - 440 б.
4. Сыздықова Г.О. «Қобыланды батыр» жырындағы лексикалық қайталамалар // Духовный мир мусульманских народов (XVI Акмуллинские чтения): материалы международной научно-практической конференции. Том 3. – Уфа: Издательство, 2021. –Б. 156-161.
5. Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. 1-том. – Алматы: «Ел-Шежіре», 2014.-384 б.